

Г.С. Копбаева, К.Б. Жаксыбаева, Б.К. Омарова, М.З. Римшелите

**Қарағанды облысының мектептерінде сынып  
жетекшілерінің Әдістемелік бірлестігінің  
жұмысын ұйымдастыру бойынша  
әдістемелік ұсынымдар**

\* \* \*

**Методические рекомендации  
по организации работы Методического  
объединения классных руководителей  
в школах Карагандинской области**

Караганда  
2022

УДК 371.213.1

ББК 74.204

Қ41

*Автор идеи*

**Абдикерова Б.Х.**, директор КГКП «Учебно-методический центр развития образования Карагандинской области»

*Рецензенты*

**Жетписбаева М.А.**, кандидат филологических наук заместитель директора по учебно-методической работе филиала АО «НЦПК «Өрлеу» Институт профессионального развития по Карагандинской области;

**Темерханова Л.А.**, директор КГУ «Специализированная школа-интернат «Дарын» Управления образования Карагандинской области.

Қ41 **Қарағанды облысының мектептерінде сынып жетекшілерінің Әдістемелік бірлестігінің жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар = Методические рекомендации по организации работы Методического объединения классных руководителей в школах Карагандинской области / Г.С. Копбаева, К.Б. Жаксыбаева и др. — Караганда: НАО «Қарағанд. ун-т им. акад. Е.А. Букетова», 2022. — 65 с.**

ISBN 978-601-362-060-2

Әдістемелік ұсынымдар Қарағанды облысының орта білім беру ұйымдары директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына, сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестіктерінің жетекшілеріне арналған.

Жинақтағы материалдар ұсыныс ретінде берілген.

Методические рекомендации адресованы заместителям директоров по воспитательной работе, руководителям методических объединений классных руководителей организаций среднего образования Карагандинской области.

Предлагаемые материалы носят сугубо рекомендательный характер.

УДК 371.213.1

ББК 74.204

ISBN 978-601-362-060-2

© Академик **Е.А. Бөкетов** атындағы **Қарағанды университеті, 2022**

© **Копбаева Г.С., Жаксыбаева К.Б., Омарова Б.К., Римшелите М.З., 2022**

## Мазмұны

Кіріспе	4
<b>I бөлім.</b> Оқу-тәрбие үрдісін қамтамасыздандырудың негізгі нормативтік құқықтық актілері	5 - 8
<b>II бөлім.</b> Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі туралы ереже	9 - 16
<b>III бөлім.</b> Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігінің оқу жылына арналған жұмыс жоспары	17 - 24
<b>IV бөлім.</b> Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі отырыстарының хаттамалары	25 - 32
<b>Қосымша.</b> Сынып жетекшісінің жұмыс жоспары	33 - 34

## Кіріспе

Мұғалімнің кәсіби шеберлігінің құзыреттілігін, қырсырын, беріктігін, мәнділігін дамытудың іргетасы - оның кәсіби білімі болып табылады.

Сынып жетекшісінің кәсіби шеберлігін арттыру – мектептің әдістемелік бірлестіктері қызметінің басым бағыттарының бірі. Сынып жетекшісінің кәсіби шеберлігі - кәсіби педагогикалық қызметтің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін жеке қасиеттер жиынтығы, оған мыналар кіреді:

- педагогтің жеке қасиеттері (жоғары адамгершілік бейнесі, жауапкершілік, адалдық, еңбексүйгіштік, педагогикалық әділдік, балаларға деген махаббат);
- педагогикалық қабілеттер (шыдамдылық, төзімділік, табандылық, оптимистік, гуманистік бағыт, әзіл сезімі, кәсіптік-педагогикалық бағыт);
- кәсіби құзіреттілік (оқытылатын пәнді, оның әдістемесін, педагогикасын, психологиясын білу, сонымен қатар тәрбиелейтін, білім беретін, дамытатын сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру қабілеті).

Әдістемелік ұсынымдар мектептің әдістемелік бірлестіктерінің жетекшілеріне Қарағанды облысының орта білім беру ұйымдарының базасында сынып жетекшілерімен жұмыс жүйесін құруға, жаңашылдыққа қарай ұмтылу стратегиясын белгілеуге, кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыруға көмектеседі.

## **I бөлім. Оқу-тәрбие процесін қамтамасыз етудің негізгі нормативтік құқықтық актілері**

2022-2023 оқу жылында оқу процесін ұйымдастыру кезінде білім беру ұйымдары негізгі нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алуы және оқу процесін келесі нормативтік құжаттардың негізінде жүзеге асыруы керек:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды, 23.03.2019 жылы өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

2. Бала құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кенесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысы.

3. Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі. ҚР 2008 жылғы 4 желтоқсандағы N 95-IV Кодексі.

### **Заңдар тізімі**

1. 27 шілде 2007 жылғы «Білім туралы» Заңы, 07.07.2020 жылы өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

2. 27 желтоқсан 2019 жылғы «Педагог мәртебесі туралы» Заңы, 03.05.2022 жылы өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

3. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» 2002 жылдың 8 тамыздағы №345 Заңы, 03.05.2022 жылы өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

4. «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы №413-IV Заңы, 21.05.2022 жылы өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

5. «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі №591 Заңы, 03.05.2022 жылы өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

### **Қаулылар тізбесі**

6. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы» 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысы.

7. «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, ... қаржылай

және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы» 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 Қаулысы.

8. «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесі туралы» 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 Қаулысы.

9. «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 Қаулысы.

10. «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы №703 Қаулысы.

11. «Мемлекеттік орган болып табылатын мемлекеттік мекемені қоспағанда, мемлекеттік мекеменің үлгі жарғысын (ережесін) және Мемлекеттік кәсіпорынның үлгі жарғысын бекіту туралы» 2011 жылғы 9 тамыздағы №919 Қаулысы.

### **Бұйрықтар тізімі**

12. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрық).

13. «Қазақстан Республикасында балаларға қосымша білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдерін бекіту туралы» ҚР БҒМ 19.02.2019 жылғы №81 бұйрығы.

14. «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы» ҚР БҒМ 2021 жылғы 16 қыркүйектегі №472 бұйрығы.

15. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру

ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2021 жылғы 12 қарашадағы № 561 бұйрығы.

**16.** «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 29.12.2021 жылғы № 614 бұйрығы).

**17.** «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығы (ҚР БҒМ 2020 жылғы 30 сәуірдегі № 169 бұйрығы);

**18.** «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығы.

**19.** «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 2011 жылғы 7 желтоқсандағы №514 бұйрығы (ҚР БҒМ 25.05.2021 № 232 бұйрығы).

**20.** «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығы.

**21.** «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2022 жылғы 12 қаңтардағы №4 бұйрығы.

**22.** «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы №76 бұйрығы.

**23.** «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ м.а. 2008 жылғы 16

мамырдағы №272 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ҚР БҒМ  
2020 жылғы 2 сәуірдегі №125 бұйрығы.

**24.** «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» ҚР БҒМ  
2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығы.

## **II. Сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестігі туралы ереже**

Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі, оқу-тәрбие үдерісін тиімді жоспарлауда, кәсіби шеберлігін арттыру барысындағы білім берудің жаңа тәсілдері мен тұжырымдамаларын меңгеруде және педагогикалық тәжірибені таратуда көмек көрсетуді ұйымдастырады.

Әдістемелік бірлестік отырысында қаралады

Мектеп директорымен бекітіледі

«\_\_» \_\_\_\_ 20\_\_ ж.

№ \_\_ хаттама

### **Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі туралы ЕРЕЖЕ**

*(Жарғы бойынша білім беру ұйымының толық атауы)*

#### **1. Жалпы ережелер**

**1.1.** Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі (білім беру ұйымының толық атауы) - белгілі бір жас тобындағы оқушылар оқитын және тәрбиеленетін сыныптардың сынып жетекшілерінің ғылыми-әдістемелік, әдістемелік және ұйымдастырушылық жұмысын үйлестіретін, тәрбие процесін басқарудың мектепшілік жүйесінің құрылымдық бөлімі.

**1.2.** Әдістемелік бірлестік өз жұмысын ҚР Конституциясына, «Білім туралы» ҚР Заңына, «Педагог мәртебесі» туралы ҚР Заңына, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өрттен қорғау ережелері мен нормаларына, сондай-ақ мектептің жылдық жұмыс жоспары негізінде білім беру ұйымының жарғысымен анықталатын мектептің стратегиялық даму талаптарына сәйкес құрады.

**1.3.** Әдістемелік бірлестіктің қызмет мерзімі шектелмеген, сандық кәсіби құрамы педагогикалық ұжымдағы өзгерістерге байланысты.

**1.4.** Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі өз қызметін мектептің ғылыми-әдістемелік кеңесімен тығыз байланыста жүзеге асырады және педагогикалық өзін-өзі басқарудың алқалы органы - мектептің педагогикалық кеңесіне есеп береді.

**1.5.** Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігінің жұмысы келесі принциптерге сәйкес құрылады:

- ғылымилығы - мұғалімдер ізденістері мен шығармашылық еңбектері күрделі әдістемелік негізде болуы қажет;
- гуманизм тұрғысында - білім беру негізі – адам, педагог, оның біліктілігі мен бейімділігінің, үйлесімділік пен мәдениеті сияқты құндылық қатынастарының дамуы мен жетілуі;
- жүйелілік тұрғысында, мәселені шешуді қамтамасыз ететін жоспарлаудың және іске асырудың барлық сатысын қамту: диагностика, мәселені зерттеу және талдау, мәселені шешудің әдістемелік инструментарийін дайындау және тәжірибеге енгізу, үйлестіру, қорытындысын анықтау;
- тәрбие жұмысының мазмұны мен ұйымдастырылуына қатысты кәсіби маңызы бар мәселелерге бағытталуы, өзектілігі мен қажеттілігі және т.б.;
- мәдени даму тұрғысында – Қазақстан халықтарының жалпыадамзаттық мәдениетінің жетістіктері мен талаптарына сәйкес келетін ғылыми және кәсіби, мазмұнды әзірлеу.

## **2. Әдістемелік бірлестіктің мақсаты мен міндеттері**

**2.1.** Әрбір сынып жетекшісінің құзыреттілігі мен кәсіби шеберлігін жан-жақты жетілдіру, педагогикалық ұжымның шығармашылық әлеуетін арттыру, сынып жетекшілерінің іс-тәжірибесін жинақтау және тарату, мектептің тәрбие жүйесінің сапасы мен тиімділігін арттыру.

**2.2.** Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі қызметінің міндеттері:

- мектептегі тәрбие жұмысының тиімділігін арттыру және жетілдіру;
- сынып жетекшілерін ғылыми-әдістемелік, инновациялық, эксперименттік-педагогикалық іс-әрекеттерге белсенді түрде қосу;
- өзінің жеке жетістіктерінің ақпараттық-педагогикалық банкіні құру, өз тәжірибесін танымал ету;
- озық педагогикалық тәжірибені зерттеу, жалпылау;
- жоспарлауды үйлестіру, сыныпта өткізілетін тәрбиелік іс-шараларға педагогикалық талдау жасау;
- сынып жетекшілерінің жұмысын бағалау, мектеп әкімшілігіне ынталандыру марапаттары туралы өтініш беру.

### **3. Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігінің қызметі**

**3.1.** Тәрбие қызметінің сапасын талдауды жүзеге асырудан, әдістемелерді (техникаларды) және құралдарды әзірлеуден, нәтижелілікті анықтау мен болжаудан, сондай-ақ олардың одан әрі тәрбие жұмысының бағыттары мазмұнынан көрінетін **талдамалық-болжамдық қызметі:**

- оқыту процесіндегі тәрбиенің жай-күйі;
- сабақтан тыс уақытта жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуын іске асыруына оңтайлы жағдай жасау;
- тәрбие үдерісін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету;
- мектептің тәрбие жүйесін қалыптастыру;
- мектептің тәрбие жүйесін дамытудың басым бағыттарын таңдау жөніндегі бастамаларды мектеп әкімшілігінің қарауына шығару.

**3.2.** Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігінің жұмысын жоспарлау мен ұйымдастыруда көрініс табатын **ұйымдастырушылық-үйлестіру қызметі:**

- тәрбие жұмысының жоспарларын, педагогтер қызметінің циклограммаларын, тәрбие жұмысының жоспарын жасау және бекіту;
- тәрбие үдерісін әдістемелік сүйемелдеуді қамтамасыз ету;

- мектеп әкімшілігіне мұғалімдерді сынып жетекшілікке тағайындау туралы ұсыныс жасау;
- сынып жетекшілерінің шығармашылық топтары жұмысының тақырыбын анықтау және бекіту;
- мұғалімдерді аттестаттауды ұйымдастыруға және өткізуге қатысу;
- әлеуметтік-профилактикалық жұмыстарды ұйымдастыру;
- сынып жетекшілерінің жұмысын үйлестіру және олардың өзара қарым-қатынасын қамтамасыз ету.

**3.3.** Мектептің педагогикалық ұжымын келесі мәселелер бойынша **ақпараттандыру қызметі:**

- сынып жетекшілерінің қызметін әдістемелік жағынан қамтамасыз ету;
- тәрбие саласындағы озық педагогикалық тәжірибе туралы ақпараттандыру;
- сабақтан тыс және мектептен тыс іс-шараларды өткізу және қатысу.

**3.4.** Әдістемелік бірлестік мүшелерінің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру үшін ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайлар жасауда көрінетін **әдістемелік қызметі:**

- сынып жетекшілерінің білімі мен біліктілігінің үздіксіз дамуына оңтайлы жағдай жасау;
  - жекелеген тұлғаларға арнайы әдістемелік көмек көрсету (топтық және жеке кеңестер, тәлімгерлік, тәжірибеден өту);
  - тәрбие мәселелері бойынша әдістемелік көрмелер ұйымдастыру;
  - әдістемелік ұсынымдар әзірлеу;
  - шығармашылық есептер, шебер-сыныптар, педагогикалық марафондар, педагогикалық оқулар, семинарлар дайындау;
  - жоғары әдістемелік қызмет тарапымен әдістемелік бірлестіктің жұмысын үйлестіру.
- координация работы методического объединения с вышестоящими методическими службами.

## **4. Әдістемелік бірлестіктің құзыреттілігі мен жауапкершілігі**

### **4.1. Құзыреттілігі:**

- мектептегі тәрбие процесін жақсарту туралы ұсыныстар беру;
- әдістемелік бірлестіктің жұмысына, мектептің даму бағдарламасына ұсыныстар енгізу;
- тәрбие мәселесі бойынша мектеп директорынан, директордың орынбасарларынан кеңес алу;
- мұғалімдерді аттестаттаудан өткізу кезінде ұсыныстар дайындау;
- мектеп әкімшілігіне жұмыстағы жетістіктері үшін әдістемелік бірлестік мүшелерін марапаттау туралы өтініш беру;
- сынып жетекшілерінің әдістемелік материалдарын басылымдарға жариялау туралы ұсыныстар енгізу;
- мұғалімдер мен сынып жетекшілеріне мектептен тыс жерде әр түрлі формада өтетін кәсіби біліктілік көтеру жұмыстарына қатысуға ұсыныстар беру.

### **4.2. Жауапкершілігі:**

- сынып жетекшілерінің қызметін әділ бағалауға, талдауға;
- жұмыстың басым бағыттарының уақытында орындалуына;
- әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспары негізінде ұйымдастырылған әрбір тәрбиелік шаралардың дайындалуы мен сапалы өткізілуіне;
- талқыланатын мәселелердің дұрыстығына.

## **5. Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігінің жұмысын ұйымдастыру**

**5.1.** Әдістемелік бірлестіктің жұмысына жалпы бақылауды директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары жүзеге асырады. Жыл сайын әдістемелік бірлестіктің мүшелері дауыс беру арқылы әдістемелік бірлестіктің жетекшісі мен хатшысын сайлайды.

**5.2.** Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспары бірлестік отырысында бір оқу жылына бекітіледі (қажет болған жағдайда оған түзетулер енгізіледі).

**5.3.** Әдістемелік бірлестік отырыстарының өткізілу мерзімдері мектептің жылдық жұмыс жоспарымен анықталады. Әдістемелік бірлестік отырыстары бойынша хаттама жүргізіледі.

**5.4.** Оқу жылының соңында әдістемелік бірлестік қызметінің талдауы мектеп әкімшілігіне ұсынылады.

**5.5.** Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігінің жетекшісі **жауапты:**

- әдістемелік бірлестіктің жұмысын жоспарлауға, дайындауға, жүргізуге және талдауға;
- әдістемелік бірлестіктің құжаттамасы мен есептілігін жүргізуге;
- мектеп әкімшілігіне қажетті құжаттардың уақытында тапсырылуына және жоғары мекемелерге әдістемелік бірлестік қызметі мен өткізілген іс-шаралар туралы мәліметтердің уақытылы жіберілуіне;
- тәрбие жұмысының әдістемелік деңгейінің көтерілуіне;
- сынып жетекшілерінің психологиялық-педагогикалық дайындығын шыңдауға;
- сынып жетекшілерінің өздерінің функционалдық міндеттерін толық орындауына;
- тәрбиелік іс-шаралар банкінің жинақталуына.

**5.6.** Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігінің жетекшісі **ұйымдастырады:**

- сынып жетекшілерінің - әдістемелік бірлестік мүшелерінің өзара және мектептің өзге құрылымдары мүшелерімен байланыста болуы мен қарым-қатынасын нығайту;
- әдістемелік бірлестіктің отырыстары, ашық іс-шаралар, семинарлар, конференциялар және кәсіби шеберлікті арттыруға ықпал ететін басқа да іс-шаралар;
- сынып жетекшілердің озық іс-тәжірибесін анықтау, зерттеу, жинақтау, тарату және оны іс- жүзінде пайдалану;

- сынып жетекшілеріне тәрбие жұмысы бойынша кеңес ұсыну;
- сынып ұжымдарында тәрбие іс-шараларын жоспарлауды, ұйымдастыруды және педагогикалық талдауды үйлестіреді;
- сынып ұжымдарында тәрбие жұмысы жүйесінің қалыптасуына және дамуына ықпал береді;
- директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарымен бірлесіп тәрбие мәселелері бойынша мектептің ғылыми-зерттеу, әдістемелік жұмысына қатысады;
- педагогтердің зерттеушілік-шығармашылық топтарын ұйымдастырады және олардың қызметіне жетекшілік етеді.

## **6. Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігінің құжаттары мен есептері**

**6.1.** Жауапты тұлғаны көрсете отырып, әдістемелік бірлестіктің жұмысын ұйымдастыру туралы бұйрық (жыл сайын);

**6.2.** Мектеп директорымен бекітілген әдістемелік бірлестік туралы ереже;

**6.3.** Әдістемелік бірлестіктің жылдық жұмыс жоспары;

**6.4.** Оқу жылындағы жұмыс қорытындысы бойынша талдау материалдары;

**6.5.** Әдістемелік бірлестік отырыстарының хаттамалары. Хаттаманы жүргізудің екі нұсқасы ұсынылады:

1. Хаттамалар дәптерде қолмен жазылады. Дәптер тігіледі, беттері нөмірленеді, мектеп директорымен бекітіледі, мұқабасында хаттаманы жүргізуді бастау күні жазылады;

2. Әр хаттама компьютерде жазылады, папкаға жинақталады, оқу жылы соңында барлық хаттамалар шығарылып, жинақталып тігіледі, сыртына мектеп директорының қолы мен мөрі қойылады.

**6.6.** Әдістемелік бірлестік мүшелерінің сандық және сапалық құрамы туралы статистикалық мәліметтер (деректер банкі).

## Сынып жетекшісіне көмек ретінде:

### **Анықтама.**

1. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысы.

Ұлттық жобаны әзірлеу мақсаты - Барлық білім беру деңгейлерінде білім алушылардың білім сапасын арттыру.

Іске асыру мерзімі: 2021 – 2025 жылдар.

4 бағыт: мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, орта білім, техникалық және кәсіптік білім, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім

5 міндет, 15 нәтижелер көрсеткіші, 26 іс-шара.

2. «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі №472 бұйрығы.

### **Орта білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі**

#### Сынып жетекшісі:

оқу жылы басталғанға дейін бір рет және оқу жылы ішінде:  
сынып жетекшісінің жұмыс жоспарын (қағаз немесе электрондық word немесе pdf форматында) әзірлейді және іске асырады;  
тоқсандық және оқу жылының қорытындысы бойынша:

- 1) 1-4 сынып білім алушысының үлгерім табелін, 5-11 (12) сынып білім алушысының үлгерім табелін (қағаз немесе электрондық word немесе pdf форматында);
- 2) білім алушының жеке іс қағазын (қағаз немесе электрондық форматында) жүргізеді.

### **III. Сынып жетекшілері әдістемелік бірлестігінің жылдық жұмыс жоспары**

**Әдістемелік тақырыбы:** «Қазақстанның құзыретті азаматын дамыту және тәрбиелеу үшін оңтайлы педагогикалық жағдайлар жасау»

**Мақсаты:** сынып жетекшілерінің құзыреттілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру арқылы мектептегі тәрбие әдістері мен формаларын жетілдіру, тәрбие жұмысының сапасы мен тиімділігін арттыру.

**Міндеттері:**

- жеке тұлғаның адамгершілік қасиеттерін жетілдіру мәселелері бойынша сынып жетекшілердің теориялық, ғылыми-әдістемелік жағынан дайындық деңгейін арттыру;
- сынып жетекшілерінің педагогикалық тәжірибесін зерделеу, жалпылау және тәжірибеде пайдалану;
- тәрбие жұмысы жүйесіне денсаулық сақтау технологияларын енгізу бағдарламаларының іске асырылуын қамтамасыз ету;
- әр оқушының қабілетіне, қызығушылығына, мүмкіндігіне, сұранысына сәйкес әр түрлі іс-әрекетте шығармашылық тұлғасын дамыту үшін оңтайлы жағдай жасау;
- іскерлікті, дербестікті, тиімділікті, жауапкершілікті, азаматтықты, бастамашылдықты, адалдық пен әдептілікті дамыту;
- сынып жетекшілерін тәрбие жұмысындағы заманауи белсенді және интерактивті оқыту әдістерімен таныстыру.

## **Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігінің 20\_\_ - 20\_\_ оқу жылына арналған жұмыс бағыттары**

### **1. Талдау қызметі:**

- Әдістемелік бірлестіктің 2021-2022 оқу жылындағы әдістемелік қызметін талдау және 2022-2023 оқу жылына жұмыс жоспарын құру.
- Ашық іс-шаралар мен сынып сағаттарына қатысуды талдау.
- Сынып жетекшілерінің іс-әрекетін зерттеу (өз білімін жетілдіру тақырыптары).
- Көмек көрсету мақсатында сынып жетекшілерінің жұмыстарын талдау.

### **2. Ақпараттық қызмет:**

- Сынып жетекшілерінің педагогикалық қызметін жетілдіру мақсатында әдістемелік әдебиеттердегі жаңалықтарды зерттеу.
- «Сынып жетекшілерінің әдістемелік қоржыны» тақырыптық папкасын толықтыру.

### **3. Әдістемелік қызметті ұйымдастыру:**

- Мемлекеттік білім стандартын орындауда қиындықтарды анықтау, әдістемелік қамтамасыз ету және сынып жетекшілеріне практикалық көмек көрсету.
- Түрлі бағыттағы жарыстарға қатысу.

### **4. Кеңес беру қызметі:**

- Сынып жетекшілеріне тәрбие жұмысының жоспарын дайындау мәселесі бойынша кеңес беру.
- Педагогикалық қызметтегі қиындықтарды жою мақсатында сынып жетекшілеріне кеңес беру.

## **Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігінің жұмыс формалары**

Жұмысты ұйымдастыру формалары:

### **Әдістемелік бірлестік отырыстары.**

1. Сыныптан және сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастыру бойынша әдістемелік көмек және жеке консультациялар.

2. Сынып сағаттары мен ашық іс-шараларға мұғалімдердің, сынып жетекшілерінің өзара қатысуы.
3. Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестік отырыстарында, педагогикалық кеңестерде сөйлеуі.

**Секцияаралық жұмыстар:**

1. Ашық сынып сағаттары мен іс-шаралар.
2. Сыныптан тыс жұмыстар (мерекелер, экскурсиялар, мектепшілік жарыстар және т.б.).
3. Ата-аналармен жұмыс (ата-аналар жиналысы, кеңестер, ынтымақтастыққа тарту).
4. Кабинеттердің жұмысы (оқу-әдістемелік базаны толықтыру).
5. Сынып жетекшілердің өз білімін жетілдіруі.
6. Бейресми қарым-қатынас (құттықтау, талқылау, іс-әрекеттің топтық рефлексиясы).

**Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігінің жұмыс жоспары (20\_ - 20\_ оқу жылына)**

<b>Жаңа оқу жылына оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру</b>			
1	2	3	4
<b>№ п/п</b>	<b>Іс-шаралар</b>	<b>Өткізілу мерзімі</b>	<b>жауаптылар</b>
<b>1.</b>	1. Сынып жетекшілерінің міндеттерімен таныстыру. 2. 2021 - 2022 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысын талдау. 3. Тәрбие жұмысының жоспарын дайындау бойынша сынып жетекшілерге ұсыныстар беру. Мектептің тәрбие жұмысының бірыңғай жоспарымен таныстыру.	тамыз-қыркүйек	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

1	2	3	4
<b>Жобалау әрекеттері және сыныптағы тәрбие жұмысын жоспарлау</b>			
<b>2.</b>	1. Сынып жетекшілеріне сыныппен жүргізілетін тәрбие жұмысының жоспарын құруға көмектесу. 2. Тәрбие жұмысы жоспарының құрылымын жасау	қыркүйек-казан	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
<b>Алынған мәліметтер негізінде мониторинг жүргізу, талдау және жұмысты жоспарлау</b>			
<b>3.</b>	1. Тәрбие жұмысының мониторингі. 2. Мектептегі тәрбие жұмысының деңгейін талдау. 3. Талдау нәтижелері бойынша алдағы жұмыстарды жоспарлау	қараша (күзгі демалыс уақыты)	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
<b>Өз білімін жетілдіру және өзін-өзі тәрбиелеу - мұғалімнің табысты болуының негізі</b>			
<b>4.</b>	1. Оқушылардың өз білімін жетілдіруін басқару. 2. Оқушылардың өзін-өзі тәрбиелеуін басқару. 3. Мұғалімнің өз білімін жетілдіруі. 4. Мұғалімнің өзін-өзі тәрбиелеуі. 5. Оқушының өзін-өзі дамыту және өзін-өзі тәрбиелеу процесін ынталандыру. 6. Мұғалімнің өз білімін жетілдіруі мен өзін-өзі	наурыз (көктемгі демалыс уақыты)	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері

1	2	3	4
	тәрбиелеу процесін ынталандыру.		
<b>Оқу жылында жүргізілген тәрбие жұмысының қорытындысын шығару</b>			
<b>5.</b>	1. Оқу жылындағы тәрбие жұмысын талдау 2. Жаңа оқу жылына арналған жұмыстың тиімді бағыттарын анықтау.	мамыр	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
<b>Ата-аналармен жұмыс</b>			
<b>6.</b>	Ата-аналар жиналысын дайындауда сынып жетекшілеріне көмек көрсету. Ата-аналардың мектеп өміріне араласуы. Ата-аналармен іс-шаралар өткізу.	оқу жылы ішінде	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
<b>Сыныптан тыс шараларды өткізу</b>			
<b>7.</b>	1. Мектептің сынып жетекшілерінің жұмыс тәжірибесін қорытындылау. 2. Сынып жетекшілеріне сыныптан тыс жұмыстарға дайындалуда әдістемелік көмек көрсету. 3. Тәрбие жұмысы бойынша әдебиеттер мен нормативтік-құқықтық құжаттарға шолу.	оқу жылы ішінде	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері

1	2	3	4
<b>Сынып жетекшілерінің тәжірибесін тарату</b>			
<b>8.</b>	<p>1. Педагогикалық кеңесте баяндама жасау.</p> <p>2. Әдістемелік бірлестік отырысында тәжірибе алмасу.</p> <p>3. Тәрбие жұмысы бойынша материалдардың әдістемелік журналдарда жариялануы, ғылыми-практикалық конференцияларға қатысуы.</p> <p>4. Облыстық семинарларға, шеберлік сабақтарына қатысу және т.б.</p>	оқу жылының ішінде	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері

### **Сынып жетекшілері әдістемелік бірлестігі отырыстарының тақырыптары (үлгі)**

Отырыстардың жиілігі: тоқсанына бір рет.

#### **I отырыс (қыркүйек)**

#### **«2022-2023 оқу жылына мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастыру».**

1. Әдістемелік бірлестіктің 2021-2022 оқу жылындағы жұмысын талдау (аты-жөні, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары).
2. 2022-2023 оқу жылына әдістемелік бірлестік жұмысын жоспарлау (аты-жөні, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары).
3. Жаңа оқу жылында тәрбие жұмысын ұйымдастырудың мақсаты мен міндеттері. Білім беру процесін қамтамасыз ететін негізгі нормативтік-құқықтық актілер (аты-жөні, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары).

4. Сыныптан тыс жұмыстарды жоспарлау, сынып сағаттарының тақырыптарын бекіту, үйірме жұмысын ұйымдастыру (аты-жөні, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары).

### **II отырыс (қараша)**

**Тәрбие жұмысында инновациялық технологияларды қолдану. Сыныптағы іс-шараларды қалай қызықты және мағыналы етуге болады?**

1. Тәрбие жұмысында инновациялық технологиялар (аты-жөні, әдістемелік бірлестік жетекшісі).
2. «Сыныптағы іс-шараларды қалай қызықты және мағыналы етуге болады?» (сынып жетекшілердің іс-тәжірибесінен).
3. Сынып сағатын өткізудің формалары (сынып жетекшілердің іс-тәжірибесінен).
4. Ашық сынып сағаттарын өткізудің жылдық жоспар-кестесін бекіту (аты-жөні, әдістемелік бірлестік жетекшісі).

### **III отырыс (қаңтар)**

**Оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу.**

1. Отбасы мен мектептің өзара ынтымақтастығы: проблемалар және оларды шешу жолдары (аты-жөні, әдістемелік бірлестік жетекшісі).
2. Мектептегі рухани-адамгершілік тәрбие жұмысының заманауи формалары (сынып жетекшілердің іс-тәжірибесінен).
3. 2022-2023 оқу жылының бірінші жартыжылдығында өткізілген тәрбиелік іс-шаралардың талдауы (аты-жөні, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары).

### **IV отырыс (наурыз)**

**«Оқушылардың белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру мәселесін шешуге жүйелі көзқарас»**

1. Тәрбие жұмысындағы заманауи технологиялар және белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыру (аты-жөні, әдістемелік бірлестік жетекшісі).

2. «Мектептегі өзін-өзі басқару», «Оқуға құштар мектеп» жобалары (аты-жөні, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары).
3. Оқушылардың физикалық дамуының мониторингі (аты-жөні, әдістемелік бірлестік жетекшісі).

#### **V отырыс (мамыр)**

#### **«Тәрбие процесінің, тәрбие жүйесінің тиімділігінің педагогикалық мониторингі»**

1. Сынып ұжымдарының 2022-2023 оқу жылындағы жұмысының қорытындысы (аты-жөні, әдістемелік бірлестік жетекшісі).
2. Сынып ұжымындағы диагностикалық зерттеулердің нәтижелері (аты-жөні, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары).
3. «Қауіпсіз жаз» акциясы (педагог-психолог, әлеуметтік педагог, аға тәлімгер).
4. Демалыс кезеңінде балалардың демалысын, сауықтыруын, бос уақытын және еңбекпен қамтылуын ұйымдастыру (аты-жөні, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары).

#### **IV. Сынып жетекшілері әдістемелік бірлестігі отырысының хаттамасы**

Әдістемелік бірлестіктің әрбір отырысы хатталады (сұрақтар, баяндамашылар, шешімдер мен ұсыныстар көрсетіледі).

#### **Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі отырысының №1 хаттамасы 06.09.2021 жыл**

##### **Қатысқаны:**

1-11 сыныптардың сынып жетекшілері – 32 мұғалім

##### **Өткізілу формасы:** онлайн

##### **Күн тәртібінде:**

1. Әдістемелік бірлестіктің 2021-2022 оқу жылындағы жұмысын талдау.
2. 2022-2023 оқу жылына арналған мектептегі тәрбие жұмысының ерекшеліктері.
3. Сынып жетекшілерінің 2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспарын бекіту.
4. Сынып сағаттарының өткізілу кестесін қарастыру.
5. 2022-2023 оқу жылында оқу-тәрбие процесін қамтамасыз етудің негізгі нормативтік құқықтық актілері.

##### **Отырыс барысы:**

**Бірінші сұрақ бойынша тыңдалды:** 2020-2021 оқу жылының жұмысына талдау жасаған әдістемелік бірлестік жетекшісінің аты-жөні

##### **Қаулы етті:**

- 1.1. Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігінің 2021-2022 оқу жылындағы жұмысы қанағаттанарлық деп есептелсін.

*Дауыс бергендер: «иә» - бірауыздан.*

**Екінші сұрақ бойынша тыңдалды:** Мектептегі 2021-2022 оқу жылындағы тәрбие жұмысының ерекшеліктеріне тоқталған директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Т.А.Ә.

Сынып ұжымымен тәрбие жұмысын жоспарлауды бастаған сынып жетекшісіне өз сыныбының ерекшелігін көре білу, тәрбие жұмысының мақсаты мен міндеттерін негіздей білу қажет.

Тәрбие жұмысының жоспарын құру кезінде келесі қадамдарды қолданыңыз:

- Сыныптың ерекшелігін анықтау, тәрбие жұмысының мақсаты мен міндеттерін негіздеу.
- Өткен жылы сыныппен жүргізілген жұмысты талдау.
- Ағымдағы жылы сыныппен жүргізілетін тәрбие жұмысынан күтілетін мәселелерді анықтау.
- Сыныппен тәрбие жұмысының құралдарын, формалары мен әдістерін негіздеу.
- Балалардың жеке ерекшеліктерін есепке алу және талдау.
- Ата-аналармен жұмыстың ерекшеліктерін анықтау.
- Тәрбие жұмысының мақсаттары мен міндеттерінің орындалуын бағалау критерийлері мен әдістерін анықтау.

**Қаулы етті:**

2.1. Сыныптың тәрбие жұмысының жоспары жеке папкаға салынып, электронды түрде тексеруге ұсынылады.

2.2. Тәрбие жұмысы жоспарының құрылымын бекітілсін.

*Дауыс бергендер: «иә» - бірауыздан.*

**Үшінші сұрақ бойынша тыңдалды:** директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Т.А.Ә., 1-11 сыныптардағы сынып жетекшілерінің тәрбие жұмысының жоспарын тексеру нәтижелерімен таныстырды (анықтама қоса беріледі).

**Қаулы етті:**

3.1. Ескертулерді түзетілсін және 2022-2023 оқу жылына арналған сыныптардың тәрбие жұмысының жоспарлары бекітілсін.

*Дауыс бергендер: «иә» - бірауыздан.*

**Төртінші сұрақ бойынша тыңдалды:** 2022-2023 оқу жылының бірінші жартыжылдығына арналған сынып сағаттарын өткізу кестесін қарауға ұсынған директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Т.А.Ә.,

**Қаулы етті:**

4.1. 2022-2023 оқу жылының бірінші жартыжылдығына арналған сынып сағаттарын өткізу кестесі бекітілсін.

*Дауыс бергендер: «иә» - бірауыздан.*

**Бесінші сұрақ бойынша тыңдалды:** директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Т.А.Ә. 2022-2023 оқу жылында оқу-тәрбие процесін қамтамасыз етудің негізгі нормативтік құқықтық актілері туралы презентация жасалды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 06.04.2020ж. №130 бұйрығына ерекше назар аударылды.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары жұмыс барысында негізгі құжаттарды басшылыққа алып, қажетті құжаттаманы талапқа сай жүргізуді ұсынды.

**Қаулы етті:**

4.1. Сынып жетекшілері қажетті құжаттаманы белгіленген талапқа сай жүргізісін.

*Дауыс бергендер: «иә» - бірауыздан.*

Әдістемелік бірлестік жетекшісі:

\_\_\_\_\_ (Т.А.Ә., қолы)

Хатшы:

\_\_\_\_\_ (Т.А.Ә., қолы)

**Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі отырысының**

**№2 хаттамасы**

**05.11.2021 жыл**

**Қатысқаны:**

1-11 сыныптардың сынып жетекшілері – 32 мұғалім

**Өткізілу формасы:** онлайн

### **Күн тәртібінде:**

1. Оқушылардың күзгі демалысын ұйымдастыру.
2. Семинар: «Сынып ұжымын қалыптастырудағы сынып жетекшісінің рөлі және оның әрбір оқушының тұлға болып қалыптасуына әсері».
3. 2021-2022 оқу жылына мұғалімдермен, ата-аналармен, оқушылармен құқықтық жалпы білім беруді ұйымдастыру.

### **Отырыс барысы:**

**Бірінші сұрақ бойынша тыңдалды:** директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Т.А.Ә. оқушылардың күзгі демалысын өткізу қорытындысымен таныстырды (анықтама қоса беріледі).

### **Қаулы етті:**

1.1. Оқушылардың күзгі демалысын ұйымдастыру және өткізу жұмысы қанағаттанарлық деп есептелсін.

*Дауыс бергендер: «иә» - бірауыздан.*

**Екінші сұрақ** «Сынып ұжымын қалыптастырудағы сынып жетекшісінің рөлі және оның әрбір оқушының тұлға болып қалыптасуына әсері» тақырыбында семинар түрінде өткізілді (семинар материалы ұсынылады).

### **Қарастырылатын мәселелер:**

1. Сынып жетекшісінің әдістемелік жинақ папкасын құру ( \_\_\_ «Б» сынып жетекшісі Т.А.Ә.).
2. Оқушылар мен ата-аналар үшін сынып ұжымында қолайлы әлеуметтік психологиялық климатты қалыптастыру ( \_\_\_ «А» сынып жетекшісі Т.А.Ә.).
3. Мектеп оқушыларының зиянды әдеттерінің алдын алу ( \_\_\_ «А» сынып жетекшісі Т.А.Ә.).
4. Практикалық бөлім. Шағын топтардағы жұмыс.
5. Қорытынды.

### **Қаулы етті:**

2.1. Семинарда берілген ақпараттар сынып жетекшісінің жұмысында қолданылсын.

*Дауыс бергендер: «иә» - бірауыздан.*

**Үшінші сұрақ бойынша тыңдалды:** директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Т.А.Ә., 2021-2022 оқу жылында

мұғалімдермен, ата-аналармен, оқушылармен жүргізілетін құқықтық жалпы білім беруді ұйымдастыру туралы таныстырды.

Бүгінгі таңда мектептің педагогикалық ұжымының алдында тұрған маңызды міндет – құқықтық мәдениетті және кәмілетке толмағандардың құқықтарын қорғаудың механизмін дамыту. Осы мақсатта құқықтық жалпы білім беру мектебі жұмыс істейді.

Құқықтық жалпыға бірдей білім беру келесі топтарда жүргізіледі: бірінші топ – 1-11 сынып оқушылары; екінші топ – ата-аналар, үшінші топ – мұғалімдер.

Сабақтарды өткізудің негізгі формалары мен әдістері: әңгіме, хабарлама, диалог, пікірталас, тренингтік ойын, семинар, конференция, дөңгелек үстел, құқықтық ойын, іскерлік ойын, рөлдік ойын, викторина, ток-шоу, тестілеу, сұрақ-жауап, фильм үзінділері, презентациялар.

**Қаулы етті:**

1.1. 2021-2022 оқу жылына арналған құқықтық жалпы білім беру жұмысы туралы ақпарат назарға алынсын.

1.2. Мұғалімдер мен ата-аналарға құқықтық жалпы білім беру сабақтарының хаттамасы жүргізілсін.

*Дауыс бергендер: «иә» - бірауыздан.*

Әдістемелік бірлестік жетекшісі: \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә., қолы)

Хатшы: \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә., қолы)

**Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі отырысының  
№3 хаттамасы  
27.05.2022 жыл**

**Қатысқаны:**

1-11 сыныптардың сынып жетекшілері – 32 мұғалім

**Өткізілу формасы:** онлайн

**Күн тәртібінде:**

1. Сынып ұжымдарының 2021-2022 оқу жылындағы жұмысының қорытындысы.
2. «Балаларға қауіпсіз жаз – 2022!» акциясы.
3. Демалыс кезеңінде балалардың демалысын, сауықтыруын, бос уақытын және еңбекпен қамтылуын ұйымдастыру.

**Отырыс барысы:**

**Бірінші сұрақ бойынша тыңдалды:** Т.А.Ә., сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігінің жетекшісі. сынып ұжымдарының 2021-2022 оқу жылындағы жұмысына талдау жасады (презентация материалы қоса беріледі). Ағымдағы жылы туындаған мәселелер айқындалып, оларды шешу жолдары аталды. Т.А.Ә. сынып жетекшілерінің жұмысын қанағаттанарлық деп есептей отырып, олардың кәсіби шеберлігі мен шығармашылық белсенділігін атап өтті, бұл сынып жетекшілерінің тәрбие жұмысының заманауи формалары мен әдістерін қолдануымен расталатынын тілге тиек етті.

Т.А.Ә. оқу-тәрбие жұмысын талдау, оның нәтижесін дұрыс бағалау, күшті және әлсіз жақтарын анықтап, кемшіліктерді жою қажеттігін ерекше атап өтті. Сондықтан мектептің сынып жетекшілері арасында педагогикалық тәжірибемен таныстыру, алмасу, тарату жұмыстарын жалғастыру қажет.

*Сынып жетекшілерінің сынып ұжымдарымен жұмысын талдау және зерделеу көптеген сынып ұжымдарының жұмысы жалпы мектептік және әлеуметтік маңызды міндеттерді жүзеге асыруға бағытталғанын көрсетті. Тәрбие жұмысының негізгі құрамдас бөлігі сыныптардың жалпы мектепшілік іс-шараларға қатысуы болып табылады.*

Сынып жетекшілерінің әдістемелік жұмысының оң жақтарымен қатар кемшіліктері де жоқ емес.

*Жаңа оқу жылына:*

- тәрбие жұмысының оқу-әдістемелік кешенін құру бойынша жұмысты жалғастыру;
- ашық іс-шараларды өткізуде белсенділік таныту;
- сынып сағаттарына өзара қатысуды жүйелендіру.

### **Қаулы етті:**

1.1. Оқушылардың күзгі демалысын ұйымдастыру және өткізу жұмысы қанағаттанарлық деп есептелсін.

*Дауыс бергендер: «иә» - бірауыздан.*

**Екінші сұрақ** «Сынып ұжымын қалыптастырудағы сынып жетекшісінің рөлі және оның әрбір оқушының тұлға болып қалыптасуына әсері» тақырыбында семинар түрінде өткізілді (семинар материалы ұсынылады).

Қарастырылатын мәселелер:

1. Сынып жетекшісінің әдістемелік қоржынын құру ( \_\_\_ «Б» сынып жетекшісі Т.А.Ә.).
2. Оқушылар мен ата-аналар үшін сынып ұжымында қолайлы әлеуметтік психологиялық климатты қалыптастыру ( \_\_\_ «А» сынып жетекшісі Т.А.Ә.).
3. Мектеп оқушыларының зиянды әдеттерінің алдын алу ( \_\_\_ «А» сынып жетекшісі Т.А.Ә.).
4. Практикалық бөлім. Шағын топтардағы жұмыс.
5. Қорытынды.

Қаулы етті:

2.1. Семинарда берілген ақпараттар сынып жетекшісінің жұмысында қолданылсын.

*Дауыс бергендер: «иә» - бірауыздан.*

Үшінші сұрақ бойынша тыңдалды: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Т.А.Ә., 2021-2022 оқу жылында мұғалімдермен, ата-аналармен, оқушылармен жүргізілетін құқықтық жалпы білім беруді ұйымдастыру туралы таныстырды.

Бүгінгі таңда мектептің педагогикалық ұжымының алдында тұрған маңызды міндет – құқықтық мәдениетті және кәметке толмағандардың құқықтарын қорғаудың механизмін дамыту. Осы мақсатта құқықтық жалпы білім беру мектебі жұмыс істейді.

Құқықтық жалпыға бірдей білім беру келесі топтарда жүргізіледі: бірінші топ – 1-11 сынып оқушылары; екінші топ – ата-аналар, үшінші топ – мұғалімдер.

Сабақтарды өткізудің негізгі формалары мен әдістері: әңгіме, хабарлама, диалог, пікірталас, тренингтік ойын, семинар, конференция, дөңгелек үстел, құқықтық ойын, іскерлік ойын, рөлдік ойын, викторина, ток-шоу, тестілеу, сұрақ-жауап, фильм үзінділері, презентациялар.

**Қаулы етті:**

3.1. 2021-2022 оқу жылына арналған құқықтық жалпы білім беру жұмысы туралы ақпарат назарға алынсын.

3.2. Мұғалімдер мен ата-аналарға құқықтық жалпы білім беру сабақтарының хаттамасы жүргізілсін.

*Дауыс бергендер: «иә» - бірауыздан.*

Әдістемелік бірлестік жетекшісі:

\_\_\_\_\_

(Т.А.Ә., қолы)

Хатшы:

\_\_\_\_\_

(Т.А.Ә., қолы)

## 1-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2021 жылғы 16 қыркүйектегі  
№ 472 бұйрығының 2 қосымшасы

### Сынып жетекшісінің жұмыс жоспары

№	Іс-шаралар	Орындалу мерзімі	аяқталу нысаны
1	Орта білім беру ұйымының тәрбие жұмысының жоспары негізінде сыныптың тәрбие жұмысының жоспарын құру (тәрбие жұмысы жоспарының формасын мектептегі сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі белгілейді)	Оқу жылы басталғанға дейін	жоспар (қағаз немесе электронды түрде)
2	Білім беру ұйымының басшысы бекіткен форма бойынша сыныптың әлеуметтік паспортын дайындау	қыркүйек	әлеуметтік паспорт (қағаз немесе электронды түрде)
3	Сыныптағы оқушылардың педагогикалық,	Оқу жылы ішінде қажет	Талдау материалдары (қағаз немесе электронды

	социологиялық, психологиялық, физикалық зерттеулерін жүргізу	болған жағдайда	түрде)
4	Ата-аналармен жұмыс	Оқу жылы ішінде қажет болған жағдайда	Ата-аналар жиналыстарының хаттамалары (қағаз немесе электронды түрде)
5	Балалармен тәрбиелік іс- шаралар өткізу	Оқу жылы ішінде қажет болған жағдайда	іс-шаралар материалдары (қағаз немесе электронды түрде)
6	Әдістемелік жұмысты жүргізу	Оқу жылы ішінде қажет болған жағдайда	Әдістемелік жұмыс материалдары (қағаз немесе электронды түрде)
7	Тәрбие жұмысының талдауы	Оқу жылы ішінде қажет болған жағдайда	Талдау (қағаз немесе электронды түрде)
8	Сынып журналын жүргізу	үнемі	сынып журналы (қағаз немесе электронды түрде)

## СОДЕРЖАНИЕ

Введение	36
<b>Раздел I.</b> Основные нормативные правовые акты обеспечения учебно-воспитательного процесса	37 - 39
<b>Раздел II.</b> Положение о методическом объединении классных руководителей	40 - 47
<b>Раздел III.</b> План работы методического объединения классных руководителей на учебный год	48 - 54
<b>Раздел IV.</b> Протоколы заседаний методического объединения классных руководителей	55 - 62
<b>Приложение.</b> План работы классного руководителя	63 - 65

## Введение

Фундаментом развития профессионального мастерства педагога, дающим ему глубину, основательность, осмысленность действий, выступает профессиональное знание.

Повышение профессионального мастерства классного руководителя – одно из приоритетных направлений деятельности школьных методических объединений. Под профессиональным мастерством классного руководителя понимается комплекс качеств личности, обеспечивающих высокий уровень профессиональной педагогической деятельности, который включает в себя:

- личностные качества педагога (высокий моральный облик, ответственность, добросовестность, трудолюбие, педагогическая справедливость, любовь к детям);

- педагогические способности (терпение, выдержка, настойчивость, оптимизм, гуманистическая направленность, чувство юмора, педагогические способности, профессионально-педагогическая направленность);

- профессиональная компетентность (знание преподаваемого предмета, его методики, педагогики, психологии, а также умение организовывать воспитательную, образовательную, развивающую внеучебную деятельность).

